

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ  
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына

2025 жылғы 16 қаңтардағы  
№ ДС-8 депутаттық сауалына

**Құрметті депутаттар!**

Сіздердің Есіл өзенінде Есіл қарсы контрреттегішінің құрылысына қатысты сауалыныңызды қарастыра отырып, келесіні хабарлаймын:

Қазақстан Республикасы Су саласын дамытудың 2024 – 2028 жылдарға арналған Кешенді жоспарының Су шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту және су тасқынына қарсы іс-шаралардың 1-ші бағыты бойынша Ақмола облысы Есіл өзенінде Есіл қарсы контрреттегішінің құрылысы (*Бұзылық*) жоспарланған.

Есіл контрреттегіші 800 млн м<sup>3</sup>-ден астам су тасқыны мен еріген қар суын жинақтап, реттейтін болады, сондай-ақ төмен орналасқан Сергеев және Петропавл су қоймаларының жұмысын тұрақтандыру үшін пайдаланылады.

Жобалық-сметалық құжаттаманы (*әрі – қарай ЖСК*) әзірлеу 2024 жылдың қараша айында аяқталып, мемлекеттік сараптамаға жіберілді, сараптама қорытындысын алу 2025 жылдың наурыз айы деп күтілуде. Құрылыс-монтаждау жұмыстарының жалпы құны шамамен 120 млрд теңгені құрайды. Жобаны іске асыру мерзімі 2026 – 2028 жылдар.

*Есіл-Торғай канал құрылысы туралы*

«Каспий-Арал бассейнінің экожүйесін қалпына келтіру және су тасқынын басқару жөніндегі халықаралық қоры» Корпоративтік қорының тапсырысы бойынша «Есіл өзенінің орта ағысындағы су тасқынын басқару және ағынның бір бөлігін Торғай өзені мен Арал теңізі бассейніне бұру» жобасының техникалық-экономикалық негіздемесі (*ТЭН*) әзірленді. Жобаның құрылыс-монтаж жұмыстарының жалпы құны 324,4 млрд теңгені құрайды.

Жоба аясында 3 учаскеден тұратын каналдың құрылысы қарастырылған:

«Есіл-Торғай» – ұзындығы 42 км;

«Қарақол-Сарыөзен» – ұзындығы 52 км;

«Шалқартеңіз-Арал» – ұзындығы 183 км.

Аталған жобаны іске асыру айтарлықтай қаржылық шығындарды қажет ететінін атап өткен жөн.

Жоба Есіл өзені бассейніндегі тасқын суларды Торғай өзені бассейніне бұруды қарастырады, бұл Шалқар-Теңіз көлінің гидрологиялық режимін қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта Су ресурстары және ирригация министрлігі (*әрі – қарай Министрлік*) су ресурстарын бассейндер арасында қайта бөлу мәселелерін кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Бұл зерттеулердің мақсаты – қоршаған ортаға әсерді бағалау және су тасқынының теріс салдарын азайту бойынша ықтимал шараларды анықтау.

Сонымен қатар, жоба материалдары Министрлік жанындағы ғылыми-техникалық кеңестің қарауына ұсынылады. Бұл кеңес - кеңесші-консультативтік орган болып табылады және оның құрамына: салалық жетекші ғалымдар, мемлекеттік органдар мен даму институттарының өкілдері, «Атамекен» ҰҚП, ұлттық холдингтер мен компаниялар, ұлттық ғылыми кеңестердің мүшелері, салалық қауымдастықтар мен ғылыми ұйымдардың өкілдері кіреді.

Ғылыми-техникалық кеңестің ұсыныстары мен қорытындылары негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі (*бұдан – әрі Үкімет*) жобаны әрі қарай іске асырудың орындылығы туралы шешім қабылдайды.

Жалпы, гидротехникалық құрылыстарды салу жобалары Үкіметтің және жергілікті атқарушы органдардың тұрақты бақылауында.

**Қ. Бозымбаев**

*Орынд.: Үйсiмбаев Е.Қ.  
Тел.: 74-50-59*

**Қазақстан Республикасы  
Парламентінің Мәжіліс депутаттарының тізімі**